

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЙЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ СӨЗДІҢ БУЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІ / TRADITIONAL METHOD OF CONVERSATION KAZAKHS AND THE SYSTEM OF WORD FORMATION

Рысбек БЕЙСЕТАЕВ*

Түйіндемe

Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсіліне көп жылдық бақылау жүргізілді. Зерттеу нәтижесі тілімізде сөз ішінде буынның дыбыстық құрамының, осыған орай, сөздің (сөз тіркесінің) буындық құрылымының сөйлеу жылдамдығына байланысты, құбылмалы құбылыс екенін көрсетіп отыр. Еңбекте қазақ тіліндегі буын, буынды жіктеу және ұлттың әр түрлі ортада түрлі сөйлеу тәсіліне сай пайда болатын, сөздің буындық құрылымының құбылмалы қасиетіне сай буын үлгілері ғылыми тұрғыдан талданды.

Кілт сөздер: сингармонизм, буын, сөйлеу, буын үлгілері, дәстүрлі сөйлеу тәсілдері, буындық жүйе.

Abstract

A long-term observation of traditional styles of speech of Kazakhs. The results of the study show that the sound of the syllable and syllabic composition of words are the phenomena of non-permanent and depend on the rate of speech. The structure and classification of syllables, and impermanent syllabic composition of words that appear in a variety of styles of speech in front of a different audience. Lists and scientifically the Kazakh language-specific patterns of syllables.

Keywords: Synharmonism, syllable, speak, examples of syllables, traditional method of speaking, syllabic system.

Қазақ ұлты ежелден айшықты сөз өнерін жетік меңгерген әрі оны аса жоғары бағалаған халық. Айтпақ ойын аз сөзбен ұтымды жеткізуге шебер. Білдірмек ойын ұғынықты әрі тез жеткізу үшін сан-алуан сөйлеу тәсілін қолданады. Адам адам болған соң ықшамдауға, үнемдеуге және жеңілге ұмтылуы – табиғи заңдылық. Қазақ тілінде сөздің буындық құрылымы ұлттың сөйлеу тәсіліне сай әрқилы құрамды болып, келісті қалыптасқан.

Табиғаты сингармонизмге негізделген қазақ тілінде дыбыстар, әдетте жеке-жеке айтылмай, буын аралығында немесе ырғақтық топқа енетін сөздердің ара жігінде үйлесіп, өз-ара үндесіп келеді. Дыбыстардың бұл үндестігі анатомиялық және физиологиялық негізде жасалады да, ұлттың сөйлеу дағдысына сай қалыптасады. Профессор Ә. Жүнісбеков қазақ тілінде

СНС, к.б.н., «Национальный Центр Гигиены труда и профзаболеваний» МЗ РК, Лаборатория физиологии и гигиены умственного труда, Караганды-Казахстан/ SNA, PhD, "National Center of Hygiene and Occupational Diseases" RK, Physiology and Hygiene brainwork, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: beisetayev@mail.ru

сөйлеу үстінде жалпы фонологиялық қызметті буын атқаратынын дәлелдеп шықты (Джунисбеков: 1987, 92; 1988. 46).

Қазақ тілінде буындар сөз (ырғақтық топқа енетін сөздер) құрамында, тіліміздің сингармонизм құбылысына орай үндесіп, сөздің (ырғақтық топтың) тұтас бір деммен әрі бір ырғақпен айтылуына қызмет етеді. Сондықтан, халқымыздың үндестікке негізделген жеке сөзді, ырғақтық топқа енетін сөздерді бір деммен, бір ырғақпен айту дағдысын қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілі дейміз. Бұл – біздің тілдің қышпақтық дара белгісі.

Ұзақ жылдар бойы жүргізілген ұлттың сөйлеу тәсілдерін бақылаудың әрі талдаудың нәтижесі сөз ішінде буынның дыбыстық құрамының және осыған орай, сөздің (ырғақтық топтың) буындық құрылымының, сөйлеу жылдамдығына байланысты, құбылмалы құбылыстар екендігін көрсетіп отыр. Осы бақылаудың нәтижесінде аңғаратынымыз: бүгінгі буынды жіктеу жүйеміз, ұлттың әр түрлі ортада сөйлеу кезінде, сөз ішінде пайда болатын буындарға сай келмейді. Өйткені, буынды жіктеу ұлттың сөйлеу дағдысына негізделмей, тіліміздің жазу жүйесіне сай жасала салынған.

Балалардың үш тобының (10-12 айлық сәбилердің тілі шығар алдында тілдерін қозғау қалшы, 2-3 және 5-6 жасарлар) тіл оралымдары және сөзді дыбыстау тазалығы көңіл қуантарлық. Ал, үлкендердің тілі, негізінен, ауытқуы көп, қоспасы одан да көп, шұбарланған тіл. Кейбіреу сөз ішінде екпін қойып сөйлеуді жетістік санайды. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілі генетикалық тұрғыдан құрып кетпеген, тек ұлы орыс халқы тілінің "игілікті әсерінен" шұбарланған тіл. Тіліміздің осы ерекшелігінің біраз қыр-сырын қарастыруды мақсат тұттық.

I-бөлім. Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілдері және буын.

1. Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілдері. Ұлтымыздың сөйлеу дағдысына назар аударсақ, соның ішінде ерекше өзгешеленіп тұратын үш түрлі дәстүрі бар: көпшілік (салтанатты) ортада нақтылап сөйлеу, күнделікті тұрмыс-тіршілікте өз-ара пікір алысу және кейбір ойын тыңдаушыға жылдам айтып жеткізу.

Халқымыздың осы, көңіл аударарлық, үш түрлі сөйлеу тәсілін шартты түрде, салтанатты ортада сөйлеу, қалыпты сөйлеу және шапшаң сөйлеу деп атаймыз. Әрбір сөйлеу тәсілінің өзіне тән сөйлеу жылдамдығы болады. Сондықтан, аталған тәсілдерге сай келетін сөйлеу жылдамдығын баяу, қалыпты және шапшаң сөйлеу дейміз.

Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілінің жоғарыда аталған үш түрінің мәні мына төмендегідей.

1. Салтанатты ортада сөйлеу – баяу сөйлеу. Қазақтың салтанатты ортада, алқалы мәжілісте, торқалы тойда айтпақ ойын нақтылап, айқын жеткізу үшін қолданатын сөйлеу тәсілі. Бұл тәсілдің ерекшелігі: сөздің әдеби тілдік құрылымы толық сақталып айтылды.

2. Қалыпты сөйлеу. Ұлтымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілікте өзара пікір алысатын, ұғынысатын қатынас құралы ретінде пайдаланатын сөйлеу

тәсілі. Орташа жылдамдықпен сөйлеу. Бұл тәсілдің ерекшелігі: мағынаға нұқсан келтірмейтін кейбір дыбыстар түсіріліп айтылады.

3. **Шашпаң сөйлеу.** Адамның білдірмек ойын тез жеткізу үшін қолданатын сөйлеу тәсілі. Бұл тәсілге тән ерекшелік: сөйлеу кезінде мағынаға нұқсан келтірмейтін барлық дыбыс (кейде толық буын) түсіріліп, сөз ықшамдалып айтылады.

Сөздің салтанатты сөйлеу тәсіліне (баяу сөйлеу) сай келетін буындық құрылымын – бастапқы буындық құрылым, ал буынның дыбыстық құрамын – бастапқы дыбыстық құрам деп атаймыз. Бұл – бірізділік үшін қолайлы. Қазақтың әр түрлі ортаға лайық сөйлеу тәсілдері және олардың нормасы туралы көптеген мағлұмат профессор Р.Сыздықованың еңбегінде жан-жақты берілген (Сыздықова: 1995, 120).

2. **Буын және қазақ тілінде буынды жіктеу.** Қазіргі қазақ тілінде буын, буынның дыбыстық құрамы, сөздің буындық құрылымы және олардың сөйлеу барысында дыбыстық өзгерістерге ұшырауы секілді ұғымдар, бір қарағанда түсінікті көрінгенімен, күні бүгінге дейін толық шешімі табылмаған, әлі табиғаты ғылыми тұрғыдан анықталып болмаған мәселелердің бір тобы. Сондықтан, буын және буынды жіктеу, талдау туралы ойымызды ортаға салмақпыз.

Ертеректегі анықтамаға сай "фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын" буын дейміз. Тілімізде буындар әр түрлі сөзді (сөз форманы) және ырғақтық топқа енетін сөздерді айту барысында пайда болып, өзінің дыбыстық құрамын кейде сақтап, енді бірде айтарлықтай дыбыстық өзгерістер пайда болады.

Тілімізде бар делінген буынның алты түрі жеке-жеке топ болып жіктелген. Дұрысы – оларды аз ғана топқа жинақтап, ал сол топ ішінде әрқайсысының дара ерекшеліктерін талдап көрсету.

Буын және буынға байланысты басқа да ұғымдарды талдаудағы көптеген ала-құлалықтардың түп-тамыры, міне, осы буындарды талдау мен жіктеудегі жіберілген олқылықтарда деп білуіміз керек.

Қазақ тілінде буынды жіктеу былай болуы керек: бірінші – ортақ жалпы қасиеттеріне орай үлкен аз ғана топқа бөліп жіктеу, екінші – сол топтардың ішінде жеке белгілері бойынша талдау.

Тілімізде буындардың өз-ара немесе басқа қосымша морфемалармен үндесіп байланысуы, негізінен, олардың соңғы дыбысының акустикалық сыйпатына байланысты болады. Міне, буынның осы қасиетін негізге алсақ және соны дауыстыға аяқталатын буынның қарқынды ашық, ал дауыссызға бітетін буынның келте дыбысталатынын еске алсақ, онда қазақ тілінде буынды ашық және жабық деп, негізгі екі топқа жіктеуге болады. Буынды бұлай жіктеу, нақтылы болмағанымен, кейбір еңбектерде бұрында жалшылама айтылған (Аханов: 1993; Бейсетаев: 1998). Қазақ тілінде осы уақытқа дейін қолданылып келген, буынды алтыға бөліп жіктеу, енді буынның жеке белгілерін көрсететін, ішінара талдау болуы тиіс.

Сонымен, қазақ тілінде, құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орналасу ретіне қарай, буынның негізгі екі түрі бар: ашық және жабық.

Соңы дауысты дыбысқа аяқталған буынды ашық буын деп атаймыз.

Соңы дауыссыз дыбысқа аяқталған буынды жабық буын деп атаймыз.

Және бір ескеретін жай, осы уақытқа дейін қолданылып жүрген буынды жіктеу тіліміздің жазу жүйесіне ғана негізделген, ал айтудағы сөйлеу жылдамдығына байланысты сөз ішінде пайда болатын кейбір буын үлгілері мүлде ескерілмей келді. Бұл – тілімізге айтарлықтай қиянат.

Буынның дыбыстық құрамын өрнектеу үшін, оның құрамындағы дауысты дыбысты, шартты түрде А, ал дауыссыз дыбысты В әріштерімен белгілейміз. Дыбыстық құрамына қарай ашық буын жеке дауыстыдан немесе дауыссызға басталып, дауыстыға аяқталып тұрады. Тілімізде сөйлеу барысында кездесетін ашық буын түрлері мыналар:

А – жеке дауыстыдан тұратын буын. Сөз (ырғақтық топтың) басында ғана қолданылады;

ВА – дауыссыз және дауысты дыбыстардың тіркесіп айтылуынан жасалатын ашық буын үлгісі. Жеке сөздің (ырғақтық топтың) өн бойында кездесе береді;

ВВА – қос дауыссыз және дауысты дыбыстардың тіркесіп айтылуынан пайда болатын буын түрі. Қалыпты және пашпаң сөйлеу барысында қысаң дауыстылардың редуциялануы нәтижесінде пайда болады. Сөздің барлық шенінде көрініс табады. Тіліміздің жазу жүйесінде ескерілмейді.

Дыбыстық құрамына қарай жабық буын дауыссыз дыбысқа аяқталып тұрады. Қазақ тілінде сөйлеу кезінде пайда болып, қолданылатын жабық буын түрлері мыналар:

АВ – дауысты және дауыссыз дыбыстардан жасалатын буын үлгісі. Сөздің (ырғақтық топтың) басында ғана кездеседі;

АВВ – дауысты және қос дауыссыз дыбыстардың тіркесіп айтылуынан жасалатын буын түрі. Сөздің (ырғақтық топтың) басқы буыны ғана бола алады;

ВАВ – дауыссыз, дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесіп айтылуынан пайда болатын бітеу буын үлгісі. Сөздің кез-келген жерінде қолданыла береді;

ВАВВ – дауыссыз, дауысты және қос дауыссыз дыбыстардың тіркесіп дыбысталуынан жасалатын күрделі буын түрі. Сөздің өн бойында кездесе береді;

ВВАВ – қос дауыссыз, дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесіп айтылуынан жасалатын күрделі буын үлгісі. Негізінен, қалыпты және пашпаң сөйлеу барысында, қысаң дауысты дыбыстардың редуциялануы нәтижесінде пайда болады. Сөздің барлық шенінде пайда бола береді. Тіліміздің қазіргі жазу жүйесінде ескерілмейді.

Сонымен қоса, бұл күрделі буын үлгілері, баяу сөйлеу барысында, ырғақтық топтағы сөздерді үндестіріп айтуда да пайда болады. Мысалы: ме-

найт-тым (мен айттым), **о-лайт-ты** (ол айтты), **о-нұлт** (он ұлт), **бс-сөрт** (бес өрт).

Қазақ тілінде сөйлеу кезінде пайда болатын буын түрлерінің ерекшеліктері мыналар:

- 1) бір буын бір дауысты дыбыстың негізінде жасалады;
- 2) бір буында төрт дыбыстан артық болмайды;
- 3) бір буында екі дауыссыз дыбыс қатар келе береді; бұлар **ВВА**, **АВВ**, **ВВАВ**, **ВАВВ** буын үлгілерінде кездеседі;
- 4) бір буында үш дауыссыз қатар тұра алмайды, осыған орай, сөз басында екі дауыссыздан артық келмейді.

Түрік тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, буын (сөз) басында қос дауыссыз дыбыстың кездесетіні туралы бұрын да айтылған (Поливанов: 1968, 36-47; Дмитриев: 48-56; 57-71; Райымбекова: 1990, 117-118). Түріктанушы ғалымдар Е.Д.Поливанов, Н.Н.Дмитриевтер түрік тілдерінде сөз басында қос дауыссыз кездесіп қалатынын аңғарған (Поливанов: 1968, 239-240; Дмитриев, 285). Сол секілді, қазақ тілін зерттеуші ғалым М.А.Райымбекова сөз басында **бл** (блек), **бр** (брак), **кт** (ктап), **кл** (клем), **шп** (шпақ), **пс** (псір) секілді қос дауыссыздың қатар келетінін эксперимент жолымен көз жеткізгенін айтқан болатын (Райымбекова: 1990, 98).

Бұл аталған құнды еңбектер тіліміздің төл табиғатын аша түспек. Жоғарыда буынды жіктеуде келтірілген, бірақ тіл білімінде ескерілмей келген, кейбір күрделі буын үлгілерінің тілімізде шынайы көрініс екендігінің дәлелі.

Біз жүргізген қазақтың сөйлеу тәсілдерін бақылаудың нәтижесі көрсеткендей, **ВАВВ**, **ВВАВ** күрделі буын үлгілері сөздің кез-келген жерінде пайда бола береді.

Сөз басында қос дауыссыз дыбыс, сөздің бірінші буынындағы дауыстының редуциялануы нәтижесінде пайда болады.

3. Қазақ тілінде буын ішінде келетін дауыссыз дыбыстар тіркесімі. Тіліміздің жазу жүйесінде ескерілмей, ал күнделікті тұрмыс-тіршілікте қалыпты және шашпаң сөйлеу барысында қолданылып жүрген **ВВА**, **АВВ**, **ВВАВ**, **ВАВВ** күрделі буын үлгілерінің құрамында қос дауыссыз дыбыс үнемі қатар келіп отырады. Бұлар буынаралық келетін дауыссыз дыбыстар тіркесімін үйлестіретін, тіліміздің ассимиляция заңына бағынбайды. Үндесу табиғаты мүлде бөлек тіркестер.

Бұлардың екі үлгісі туралы: түрік тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, үш дыбысты тұйық буын мен төрт дыбысты бітеу буынның соңындағы қатар келген екі дауыссыздың ең соңғы дыбысы қатаң, ал оның алдындағы дыбыс үнді болып келуі шарт. Мысалы: **ант**, **ұлт**, **өрт**, **бұлт**, **тарт**, **қант** т.б. делінген (Бейсетаев: 1998, 242). Енді, осы буын үлгілерінің дыбыстық құрамына зер салып, дыбысталуын байқасақ, олардың тіліміздің жазу жүйесінде неліктен қолданылатынына көзіміз жетеді.

Буын ішінде келетін дауыссыз дыбыстар тіркесінің алдыңғысы үнді, ал соңғысы қатаң болуы шарт. Егер осы талап орындалса, онда аталған дауыссыздар тіркесі бар сөздер, ырғақтық топтың құрамында, баяу сөйлеу

барысында еркін дыбыстала береді. Тіліміздің жазу жүйесінде қолданылып жүрген АBB және BABB буын үлгілеріндегі сөздердің құрамындағы дауыссыздар тіркесі осы талапқа толық сай құрылған.

Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілінде күрделі BBA, ABB, BBAB, BABB буын үлгілеріндегі сөздер немесе құрамында аталған буындары бар көп буынды сөздер, ырғақтық топтың құрамында еркін дыбысталу үшін, буын ішінде келетін тіркестің ішкі сыңары үнді, ал шеткісі қатаң болуы шарт. Бұл – баяу сөйлеу барысындағы дыбысталуға қойылатын талап.

Адам күнделікті тұрмыс-тіршілікте, негізінен, қалыпты немесе шашпаң сөйлейді. Сөйлеуші өз ойын аз сөзбен ұтымды жеткізу үшін, мағынаға нұқсан келтірмейтін, көптеген дыбыстарды (буындарды) түсіріп айтады. Екінші сөзбен айтқанда, айтушы үнемді сөйлейді, нәтижесінде сөз ішінде күрделі буын үлгілері пайда болады. Тілімізде бар сан-алуан сөздің ықшамдалған нұсқаларындағы, буын ішінде келетін дауыссыздар тіркесінің үнемі үнді-қатаң болып, жұптасып келуі мүмкін емес. Десек те, сол ықшамдалған буын үлгілеріндегі сөздер тілімізде қалыпты дыбысталады әрі құлаққа жағымды естіледі.

Біз жүргізген бақылаудың нәтижесінде байқағанымыз: бірдей (BBAB және BABB) буын үлгісіндегі бір сөздер баяу, екінші сөздер қалыпты, үшінші сөздер шашпаң, ал кейбір сөздер өте шашпаң сөйлеу барысында ықшамдалып әрі дыбысталауда құлаққа жағымды естіледі. Енді бір сөздер мүлде ықшамдалмайды, өйткені олардың құрамындағы буын ішінде келетін дауыссыз дыбыстар тіркесі тілімізде еркін дыбысталмайды.

Осы айтылғандардың негізінде жасалатын алғашқы тұжырым: қазақ тілінде буын ішінде қатар келетін дауыссыз дыбыстардың тіркесу мүмкіндігі, олардың сөз (ырғақтық топ) құрамында еркін дыбысталып, құлаққа жағымды естілуімен айқындалады. Ал, әр түрлі дыбыстық құрамдағы тіркестердің ырғақтық топта дыбысталу мүмкіндігі, айтушының сөйлеу жылдамдығына тікелей байланысты.

BBAB үлгідегі сөйлеу жылдамдығына қарай әрқилы дыбысталау, төрт топтағы буындардың дыбыстық құрамы, негізінен, төмендегідей болып келеді.

1. Баяу сөйлеуде еркін дыбысталаушы дыбыстық құрам:

Сөздің баяу сөйлеуде еркін дыбысталаушы дыбыстық құрамы			
үнді	үнді	дауысты	кез-келген
ұяң	үнді	дауысты	кез-келген
үнді	ұяң	дауысты	кез-келген
қатаң	үнді	дауысты	кез-келген

2. Қалыпты сөйлеуде еркін дыбысталаушы дыбыстық құрам:

Сөздің қалыпты сөйлеуде еркін дыбысталаушы дыбыстық құрамы			
қатаң	үнді	дауысты	кез-келген

қатаң	ұяң	дауысты	кез-келген
ұяң	үнді	дауысты	қатаң
үнді	ұяң	дауысты	қатаң
ұяң	ұяң	дауысты	қатаң

2. Шашпаң сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрам:

Сөздің баяу сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрамы			
қатаң	ұяң	дауысты	қатаң
ұяң	қатаң	дауысты	қатаң
қатаң	қатаң	дауысты	үнді

4. Құрамындағы дауыссыз дыбыстар бірыңғай қатаңдар болса, ондай күрделі буындар тілімізде кейде дыбысталаып, кейде дыбысталмайды. Ал, аталған құрамдағы ВВАВ буыны бар көп буынды сөздер, кейбір жағдайда, тілімізде мүлде дыбысталмайды. Сөзіміз дәйекті болу үшін, аталмыш үлгідегі, әр түрлі дыбыстық құрамы бар, бір буынды сөздердің дыбысталу мүмкіндіктерін салыстырып көрейік.

1. Баяу сөйлеу барысында еркін дыбысталатын, ықшамдалған бір буынды сөздер:

Сөздің баяу сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрамы			
бастапқы нұсқа		ықшамдалған нұсқа	
мынау	мүрүн	мнау	мрүн
былай	жылай	блай	жлай
мығым	нығыз	мғым	нғыз
пырыл	тыным	прыл	тным

2. Қалыпты сөйлеу барысында еркін дыбысталатын, ықшамдалған бір буынды сөздер:

Сөздің қалыпты сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрамы			
бастапқы нұсқа		ықшамдалған нұсқа	
шыным	пырын	пным	прын
тызыл	қызыл	тзыл	қзыл
ғылым	жырық	ғлым	жрық
нығыз	мыжып	нғыз	мжып
быжық	жығыш	бжық	жғыш

3. Шашпаң сөйлеу барысында еркін дыбысталатын, ықшамдалған бір буынды сөздер:

Сөздің шашпаң сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрамы			
бастапқы нұсқа		ықшамдалған нұсқа	
тығыл	қыбыр	тғыл	қбыр
бытыр	жытыр	бтыр	жтыр
тықыр	сықыр	тқыр	сқыр
тықыр	сықыр	тқыр	сқыр

4. Өте шашпаң сөйлеу барысында ғана еркін дыбысталатын, ықшамдалған бір буынды сөздер:

Сөздің өте шашпаң сөйлеуде еркін дыбысталатын дыбыстық құрамы			
бастапқы нұсқа		ықшамдалған нұсқа	
қышық	қысық	қшық	қсық
қытық	кітап	қтық	ктап

Қазақ тілінде буын ішінде қатар келетін дауыссыз дыбыстардың тіркесу мүмкіндігі, олардың құрамында дауыс (үн) жетімділігіне байланысты. Сондықтан, буын ішінде келетін дауыссыз дыбыстар тіркесінің дыбысталу мүмкіндігін сөйлеу жылдамдығына және олардың құрамында дауыс (үн) жетімділігіне орай талдаймыз.

Қарастырылып отырған алғашқы топтағы ықшамдалған **мнау**, **мрұн**, **блай**, **жлай**, **мғым**, **нғыз**, **прыл**, **тным** сөздерінің ішінде келетін **мн**, **мр**, **бл**, **жл**, **мғ**, **нғ**, **пр**, **тн** тіркестерінің құрамында дыбыстауда үн жеткілікті. Сондықтан, олар баяу сөйлеудің өзінде еркін дыбыстала береді. Қос үнді дыбыстың тіркесі бар **мнау** сөзі ерекше жеңіл дыбысталса, ал **пр**, **тн** тіркестері бар **прыл**, **тным** сөздері сәл қиындау айтылады. Бұл келтірілген сөздерді дыбыстау, тіліміздің жазу жүйесінде орныққан **қант**, **сарт**, **күрт** сөздерін дыбыстаудан әлде қайда жеңіл.

Екінші бапта келтірілген барлық сөздер (**пным**, **прын**, **тзыл**,..., **жғып**) қалыпты сөйлеуде жеңіл дыбыстала береді. Сөйлеу мәдениеті жоғары адамдар, бұл сөздерді баяу сөйлеу барысында да еркін айта береді. Үшінші бапта келтірілген ықшамдалған **тқыр**, **сқыр** сөздерін дыбыстау елеулі қиындық келтіреді. Десек те, сөйлеу жылдам-дығының артуына байланысты, бұл сөздер еркін дыбысталады. Қалған сөздер шашпаң сөйлеу үстінде жеңіл айтыла береді.

Сөз білетін, сөзге шебер адамдар **қшық**, **қсық**, **қтық** сөздерін, шашпаң сөйлеудің өзінде, жеңіл айта береді. Ал, сөзге орашалақ адамдар бұл сөздерді өте шашпаң айтып, тез-тез қайталаған кезде ғана еркін дыбыстай алады. Әсіресе, тілдері шұбарланып үлгермеген 5-6 жасар балалар, бұл сөздерді айқын дыбыстай береді.

Осы келтірілгендердің ішінде ең жеңіл дыбысталатыны **мынау** сөзі. Бұл – оның құрамында үш бірдей үнді дыбыстың болуынан. Баяу сөйлеуде, керісінше, **мынау** деп айту қиын.


Осы келтірілген сөздердің ішінде ең қиын дыбысталатыны **қтық** ықпамдалған нұсқасы. Бұл – оның құрамында үш бірдей шұғыл қатаң дыбыстың болуынан. Ал, **қтық** сөзін дыбыстау **қтық** сөзін дыбыстауға қарағанда жеңілрек. Бұл – қатаң шұғыл [ц] дыбысының құрамында, [т]-ға қарағанда, үн көптігінен.

Көп буынды сөздердің құрамында **ВВАВ** үлгідегі буын сөз басында, ал **ВАВВ** үлгідегі буын сөз соңында келгенде, тұтас сөз жеңіл дыбысталады. Екінші сөзбен айтқанда, қазақ тілінде буын ішінде келетін қос шұғыл қатаң дауыссыз сөз басында немесе сөз соңында келгенде, көп буынды сөз еркін дыбысталады. Мысалы: **тқыр-латп** (тықырлатып), **қтық-та-ма** (қытықтама). Тіліміздің сөйлеу-жазу жүйесінде күнделікті қолданылып жүрген сөздердің **АВВ**, **ВАВВ** күрделі буын үлгісінде қалыптасуы, осы себепті болса керек.

Қазақ тілінде сингармониялық құрылымға сай буынның арнайы екі үлгісі болады: **CVCC** и **CCVC**. Бұларда: **V** – дауысты, ал **C** – дауыссыз дыбыстың латынша белгісі. Осы символикаға сай, қазақ тіліндегі буынның негізгі түрлері мыналар:

- 1) **CVCC** – (қарқ, шарт, жарқ, шерг, кент, серт, ...);
- 2) **CCVC** – (қрық, шрак, жрөк, крөк, тлек, блек, ...);
- 3) **VCC** – (ант, айт, арт, ерт, ырт, ірт, өрт, ұрт, ...);
- 4) **CCV** – (кра, кре, крө, кле, шре, тле, тре, мне, ...);
- 5) **CVC** – (тат, тэт, тет, тыт, тіт, тот, төт, тұт, түт, ...);
- 6) **VC** – (ат, эт, ет, ыт, іт, от, өт, ұт, үт, ...);
- 7) **CV** – (та, тә, те, ты, ті, то, тө, тұ, тү, ...);
- 8) **V** – (а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү).

Қазақ тілінде сингармониялық құрылымға сай буынның сөз ішінде арнайы орны болады. Сол қалыптасуды Абайдың **Ө-ЛӨҢ-СӨЗ-ДҮҢ** өлең шумағынан (бунағынан) анық көруге болады (1-ші суретті қараңыз).



1-ші сурет. Абайдың **Ө-ЛӨҢ-СӨЗ-ДҮҢ** өлең шумағының буындық құрылымы.

Келтірілген шағын шумақ тілімізде буын ішінде келіп дыбыстардың, бунақ ішінде келіп буындардың тіркесімінің басқа тілден өзгеше, тіркесу табиғаты бөлек тіркесім екендігін көрсетіп отыр. Бунақ ішінде келетін буындар тіркесімі тіліміздің гармонизация-темперация заңына бағынады: буынның түрлі дыбыстық құрамына қарамай, олар біркелкі созылымды дыбысталады. Тұтас буынның дыбысталуында дыбыстың созылуында ауытқу жоқ. Бұл – қазақ тілінің төл ерекшелігі. Сонымен қоса, барлық буынаралық үзілістің шамасы да бірдей. Тұтас сөздің дыбысталуында буынаралық ауытқу жоқ. Әр түрлі буындық үлгідегі көп буынды сөздердің дыбысталу ерекшеліктері, осы еңбектің келесі бөлімдерінде, жан-жақты қарастырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, жеке буынның, буын ішінде келетін дыбыс тіркесімінің, сөз ішінде келетін буын тіркесімінің қазақ тіліндегі ерекшеліктері мыналар:

1) жеке буын ішінде келетін дыбыстар тіркесімі тіліміздің гармония заңына бағынады;

2) олардың өз-ара тіркесу мүмкіндігі құрамындағы дыбыстарда дауыс (үн) жетімділігіне байланысты;

3) сөз ішінде келетін буындар тіркесімі тіліміздің гармония және температура заңына бағынады;

4) сөз ішінде буындардың тіркесу тіркесу мүмкіндігі айтушының сөйлеу жылдамдығына байланысты;

5) олардың өз-ара тіркесу мүмкіндігінің айқындаушысы – құрамында аталмыш тіркестері бар буындардың сөз (ырғақтық топ) құрамында еркін дыбысталуы және құлаққа жағымды естілуі.

Сөздің пашпаң сөйлеу барысында пайда болған ықпамдалған нұсқасы дыбысталуға мағына айқындығын сақтауы шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР

Айғабылов А. (1995) *Қазақ тілінің морфонологиясы*. – Алматы: Санат. –136 б.

Акбаев Ш.Х. (1986) *О причинах редукции в тюркских языках //Советская тюркология*. № 3. –С. 56-71.

Аханов К. (1993) *Тіл білімінің негіздері*. – А.: Санат. –496 б.

Бейсетаев Р. (1998) *Қазақ тілінде жалаң дауыссыз түрінде келетін қосымшалар туралы*. – Қарағанды: ОҚ. № 19.

Байчұра У.Ш. (1959) *Звуковой строй татарского языка*. Ч.І. – Казань: –276 с.

Гаджиева Н.З. (1973) *Глухое начало слова в тюркском языке //Советская тюркология*: № 4. – С.107-115.

Джунисбеков А. (1987) *Просодика слова в казахском языке*. –Алма-Ата: –92 с.

- Джунисбеков А. (1988) *Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД.* –Алма-Ата: – 46 с.
- Дмитриев Н.К. *Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках* //В сб. – М.: ИСГТЯ. – Ч. I. – Фонетика. – С. 48-56.
- Дмитриев Н.К. *Двойные согласные в тюркских языках* //В сб. М.: ИСГТЯ. – Ч. I. – Фонетика. – С. 57-71.
- Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. (1962) *Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика.* – Алматы: Ғылым.
- Қалиев Б. (1984) *Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы.* – Алматы: Наука.–125 с.
- Поливанов Е.Д. (1968) *Субъективный характер восприятия звуков языков. /В кн. «Статьи по общему языкознанию».* – М.: – С. 36-47.
- Райымбекова М.А. (1990) *Стечение согласных в начальной позиции казахского слова* //Тюркская фонетика-90, I Всесоюзн. конф. 26-28 ноября. Тезисы докладов. –Алма-Ата: – С. 117-118.
- Севортян Э.В. (1995) *Фонетика турецкого литературного языка.* – М.: Изд. АН СССР.– 275 с.
- Сыздықова Р. (1995) *Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары.* –Алматы: –120 бет.
- Старостов Л.Н. (1953) Об ударении в турецком языке //Труды военного и-та ИЯ. – Москва. № 2. –С. 85-96.
- Татубаев С. (1979) *Редукция, протеза, апакопа в казахской речи и пении* //Советская тюркология: Ч.І. № 4. –С. 117-125.
- Трофимов М.И. (1978) *Фонетические процессы в слове в современном уйгурском языке.* – Алматы: Наука. –С. 117-125.